



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Дизайндарды құқықтық реттеу





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Дизайндарды құқықтық реттеу

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Кіріспе.

Дизайндар біздің өмірде маңызды, бірақ әдетте ескеріле бермейтін рөл атқарады. Біз киетін киімнің сыртқы келбетке әсер ететіні, біз отыратын орындықтардың формаларының, біз тебетін скейтбордтардың әсері сияқты, яғни тіс шеткаларын таңдағандай, біз тұтынушы ретінде қабылдайтын шешімдерге дизайн да әсер етеді. Дизайнга қатысты қалыптасып қалған практика – өнеркәсіптік дизайн, қалалық жоспарлау, графикалық дизайн және сахна дизайны деген сияқты әртүрлі салаларды қамтиды. Бұл костюм дизайны, сән дизайндары, өнім дизайндары және қаптау дизайндары арқылы жүзеге асады. Дизайнга берілген мұндай рөлдердің әртүрлілігіне байланысты ол өзгеріп отырады. Кейбір жағдайларда объект қарапайым және шағын ғана себептерге байланысты жасалуы мүмкін. Басқа жағдайларда дизайн жасалған тәсіл, жасалған заттың қалай жұмыс істеуінде маңызды рөл атқаруы мүмкін. Дизайндың қандай рөл атқарғанына қарамастан, әдетте бұл көп уақытты алатын, қымбат және бағалы әрекет болып саналады. Дизайнды жасау мәдениеті табиғатқа және объектілердің сырт келбетіне мән беретінін назарға ала отырып, ең ерекше аспектілердің бірі ретінде нәтиженің оңай көшірілуін айтуға болады. Соңғы жүз жылдықта авторлық құқықты қалыптастыруда фотокошірме құрылғысы, магнитофон, бейнемагнитофон және цифрлық технология сияқты технологиялық даму маңызды рөл атқарса да, дизайн құқығы осы өзгерістерден алшақ болды.

Жаңа технологиялар дизайн жасаудың жаңа жолдарын көрсеткен кезде, олар құқықтық аянда өз орнын тапқан болатын. Үй жағдайында үш өлшемді объектілерді қайта құруға мүмкіндік беретін қол жетімді 3D басып шығару технологияларының ауқымы ағымдағы жағдайды өзгертуге әкеп соқтыратын сияқты.

Әзірге олардың ұзақ мерзімді ықпалы көбіне көшіруге арналған құрылғылардың құны мен оған кететін шығындарға және 3D көшірмелерінің беріктігі сияқты көптеген факторларға байланысты болады, бірақ қазіргі таңда 3D принтерлері дизайн құқығы негізделіп отырған аянда өзгертуге бағытталып отырғандығы байқалауда.

1. 1949 жылы қабылданған Тіркелген Дизайндар туралы Заңмен белгіленген, Ұлыбританияның тіркелген дизайндр жүйесі (Дизайндар Директивасына сәйкес болу үшін өзгертілді)
2. Қауымдастықтың тіркелген дизайндарының жүйесі
3. Қауымдастықтың тіркелмеген дизайндарының жүйесі
4. 1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, Дизайндар және Патенттер туралы Заңмен ұсынылған авторлық құқықты қорғау
5. Ұлыбританияның тіркелмеген дизайндарын қорғау
6. Дизайндар және BREXIT.

Дизайндар және BREXIT.

Брекзит әртүрлі тәсілдермен дизайн құқығына әсер етеді. Әсердің нақты сипаты енгізілетін өзгерістерге байланысты болады. Брекзиттен кейін Ұлыбританиядағы дизайн Ұлыбританияның тіркелген дизайн жүйесі, Ұлыбританиядағы тіркелмеген дизайн және авторлық құқықпен қорғалады. Тіркелген және тіркелмеген Қауымдастық дизайндары Еуропалық Одақтың бастамасы болып табылатындығын ескере отырып, бұл құқықтар енді Ұлыбританияда қолданылмайды. Ұлыбритания азаматтары Еуропалық Одақта (Ұлыбританиядан басқа) ЕО өз дизайндарын қорғау үшін Қауымдастық тіркелген дизайндарын пайдалана алады, бірақ қазіргі болып жатқан жағдайларға байланысты кейбір өзгерістер болуы мүмкін.

Мысалы, қазір Ұлыбритания азаматтары мен бизнесі Еуропалық Одақтың интеллектуалдық меншік жөніндегі Ведомствосындағы дизайн бойынша жиналыс-тыңдауларында болуға міндетті емес, бірақ болашақта Брекзиттен кейін жағдай өзгеруі мүмкін.

Дизайнды қорғаудың нормативті базасы

Дизайнды қорғау мәселесінің түсініктемелерге қатысты атап өтетін ерекшеліктерінің бірі – «неге біз дизайнды қорғаймыз?» деген мәселеге қатысты талқылаулардың аз болуы. Авторлық құқықты, патенттерді қорғау қажеттілігін растайтын жалпы дәлелдер, дизайн құқығына да тең қолданылады. Әрине, бұл жорамалдар әдетте орынды: дизайн процесі уақыт пен ақшаны инвестициялауды қамтиды, және де дайын дизайндарды көшірілуі мүмкін және көшіріліп те жағыр.

«Не ексең, соны орасың» деген сияқты этикалық негіздемелерді жөн көретін адамдар олар екен нәрсені, орып алатындардың алдын алу үшін дизайндарды қорғау қажеттілігі туралы сөз қозғайды.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Дизайндарды құқықтық реттеу

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Практикалық тәсілді ұстанушылар, қорғауға дизайнды жасау процесіне салымдарды ынталандыру үшін маңызды стимулдарды қамтамасыз ету керек деп санайды.

Дизайнды құқықтық қорғау – дизайн иелерінің өз жаратылысының табиғи құқықтарына сирек негізделетінін айта кеткен жөн. Бұл көзқарас өнер туындыларына қарағанда дизайнер креативі төмен болып табылады деген жалпы қабылданған болжамда көрініс табады, себебі дизайнер көптеген шарасыз шектеулерге ұшырайды. Мысалға, үстел дизайны үшін потенциалды облыс біздің ағымдағы үстел туралы идеямен, ол атқаратын қызметпен, ыңғайлы болу қажеттілігімен, бағасымен, мүмкіндіктерімен, болжамды қолжетімді материалдармен шектелген.

Дизайнерлер суретшілер мен жазушыларға қарағанда креативі төмен деген кең, бірақ қате пікір дизайнерді құқықтық қорғау қажеттілігін растап қана қоймай, ол дизайн құқығында дизайнерлердің рөлін төмендетіп тастады. Бұған екі басты себеп бар.

Біріншіден, дизайнерлік жазушылыққа қарағанда креативі төмен деп көрсетіледі. Дизайнерлер нарықпен, физика заңдарымен, тұтынушылар мен сәннің қажеттіліктерімен шектелген деп көрсетіледі. Нәтижесінде дизайнерлер суретшінің өз туындыларымен салыстырғанда, дизайнердің өз дизайнерімен байланысы төмен деп саналады.

Екіншіден, дизайнерлік сирек жеке дара жүзеге асырылады. Әдетте, дизайнер команданың бір бөлігі ретінде қабылданады, ол қысқаша сипаттама алады, және оған көптеген мүмкін шешімдерді ұсыну қажеттілігі тапсырылады.

Нарыққа жеткен дизайн, көп жағдайда бір ғана дизайнердің емес, бірнеше адамның өнімі болып табылады, және де дизайнды жасау процесі кезіндегі автор жобасына берілетін рөл, сөзсіз өте елеулі әрі маңызды болады.

Нәтижесінде, дизайн құқығы, дизайнерлермен дизайнды жасайтын тұлғаларға қарағанда, активтер және оның нарыққа деген әсеріне неғұрлым көбірек басымдық береді және алаңдаулы болады. Сонымен бірге дизайнерлерге қарағанда, дизайнның өзіне басты назар аударылады. Дизайн жұртшылыққа танымал әрі қолжетімді болған сәттен немесе тіркелген сәттен бастап қорғау басталатыны да осыған негіз бола алады. Дизайн құқығында дизайнерлерге емес, дизайнның өзіне назар аударылатыны келесі фактілермен расталады:

1. Қорғау дизайнды жасау фактісі бойынша ұсынылмайды;
2. Дизайнердің моральдық құқығының болмауы;
3. Қорғау ұзақтығы дизайн жасаушысының өмір ұзақтығымен байланысты емес және т.б.;

Британдық тарих.

Дизайнердің Интеллектуалдық құқықтармен қалай қорғалғандығы туралы тарихы өте көлемді, сондықтан да біз мүмкіндігінше қысқаша тоқталуға тырысамыз. Тарих өз бастауын 1839 жылдан алады, өнеркәсіптік өндірілетін тауарлардың эстетикалық қасиеттерін жақсарту ниетімен Парламент тіркелген дизайн жүйесін ұсынды. Осы жүйе бойынша, егер өтінім беруші өнім үшін жаңа және түпнұсқалық дизайн суреттерін ұсынса, онда заң үш жылға дейінгі кезеңде дизайнға монополияны қамтамасыз етеді.

Бұл тіркеу жүйесі ғасырдың соңына дейін мыңдаған тіркелген дизайнердің қамтыды. Дизайн жүйесінде проблемалар болғандықтан, бұл проблемалар дизайн жүйесі мен патенттік жүйенің механикалық құрылғыларды қорғау тұрғысынан өзара байланысы туралы мәселені көтерді. Бұл мәселелер патенттік жүйені басқаруды жетілдіруге байланысты жоғалып кеткен болуы керек.

Дегенмен, тіркелген дизайнер жүйесінің танымалдылығы ХХ ғасырдың басында өзінің танымал шыңына жеткен соң, дизайн құқығы мен авторлық құқық жүйесі арасындағы қатынастар мәселесі сөз болды. Негізінен, бұл мәселелер 1908 жылғы Берн конвенциясының Берлиндік қайта қаралуына ықпал ету үшін авторлық құқықты кеңейту және рационализациялау кезінде пайда болды. Бұл реформалар тек қана көптеген дизайнердің авторлық құқықты қорғауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар дизайнерлік тіркеу жүйесінің өміршеңдігіне қауіп төндірді. Бұл авторлық құқыққа автоматты қорғауды (тіркеуді қажет етпейді) ұсыну себебінен болды, ол потенциалды түрде ұзағырақ және (кейбір жағдайларда) күштірек болды.

Заң шығарушының түпкілікті жауабы – авторлық құқықпен қорғалған өнер туындысы мен тіркеуді қажет ететін дизайнның ара жігін ажыратты. Нәтижесінде, авторлық құқық туралы 1911 жылғы заңға сәйкес, дизайн ретінде тіркелген, өндірістік процеспен көбейтудің негізі ретінде қолдануға арналған жұмыстарды авторлық құқық қорғаудан шығаратын ережені қосты.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Дизайндарды құқықтық реттеу

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

Кейінірек заңдар авторлық құқық және дизайн арасындағы шекараларды реттеудің басқа жолдарын қолдана бастады. Қандай жол қарастырылмасын, бәрі қанағаттанарлықтай болған жоқ. Шекараны белгілеудің соңғы ең қызық әрекеттерінің бірі – «қызметінің шарттылығына» байланысты тіркелмеген дизайндердің, тіркелгендерге қарағанда ұзағырақ қорғау алу мүмкіндігін айтуға болады. Мұндай қорғаныс «өнеркәсіптік авторлық құқық» деп кеңінен танылды (industrial copyright).

Барлық сәтсіздіктерге жауап ретінде Авторлық құқық, дизайн және патенттер туралы 1988 жылғы Заң 1949 тіркелген Дизайн туралы заңды өзгерту жолымен жаңа «дизайн-авторлық құқық өзара әрекеттесу» жаңа Заңын үйлестірді.

Нәтижесінде тіркеу – авторлық құқық бұзушылықтарға маңызды қорғауды қосып, тіркелмеген дизайнерлік құқықтардың жаңа режимін белгілеп, эстетикалық дизайнға байланды. Көріп отырғанымыздай, 2016 жылдың шілде айынан бастап, ағымдағы схемаға индустриалды өнімдерді басқа өнер туындыларына сәйкес келтіру үшін маңызды өзгерістер енгізілді.

Халықаралық икемділік

Ұлыбритания дизайндерді қорғаудың ең жақсы тәсілі үшін өз идеяларын жүзеге асырып жатқанда, басқа елдер басқа тәсілдерді қабылдау үстінде. Кейбірі авторлық құқық туралы заңға, әділетсіз бәсекелестік туралы заңға, кейбірі тіркеулерге мән беріп отыр. Париж конвенциясында ұлттық көзқарастар туралы және жобалық өтінімдердің басымдығы туралы ережелер бар, бірақ тіркелген жобаларды қорғауға қатысты ештеңе де жоқ. Берн конвенциясы біршама «нұсқаулық» сипатта. Берн конвенциясының жалғыз ерекше талабы, ол – егер арнайы қорғау қамтамасыз етілмесе, онда мұндай жұмыс нәтижелері өнер туындылары ретінде қорғалуы тиіс. Басқа дереккөздер, дизайнды реттейтін ережелерге бай емес. Дизайн құқықтары әр елге байланысты өзгеріп отыруына рұқсат етілген.

Еуропа елдері бойынша дизайнды қорғаудың кең ауқымы ЕО үшін, атап айтқанда, ішкі нарық үшін қиындық тудырғаны таңқаларлық жайт емес.

Комиссия мәселені шешу жөніндегі схеманы белгілейтін Жасыл қағазды (Green Paper) шығарды. Жасыл қағаз 3 тәсілді ұсынды: тіркелген дизайндердің ұлттық құқығын үйлестіру, Қауымдастық тіркелген дизайндерінің жүйесін құру, Қауымдастық тіркелмеген дизайнына құқықты ұсыну.

Ең алдымен Комиссия үйлестіру жөніндегі мәселемен айналысты. 1998 жылы Директива жылы қабылданғаннан кейін, Комиссия басты назарды бүкіл ЕО аумағында дизайн құқықтарының екі түрін белгілеу туралы Ережеге аударды. Ережелер 2001 жылдың желтоқсанында қабылданды.

Директива ішкі нарықтың жұмыс істеуіне айтарлықтай ықпал ететін, тіркелген дизайнды ұлттық жүйелерінің ерекшеліктерін үйлестіруге тырысады. Бұны толық үйлесімділік емес, «шектеулі жақындау» деп атауға болады. Процедура мәселесі және құқықты қорғау тәсілдері ЕО мүше елдердің қарауына қалған кезде, тіркеуден өту талаптарына, дизайнер иесінің құқықтарына, қорғау мерзіміне, дизайнды жарамсыз деп танылатын негіздерге қатысты үйлесімділік қажет болды. Дизайн директивасы мүше елдерге дизайндерді тіркелмеген дизайнерлік құқықтар немесе бәсекелестік туралы заң сияқты басқа режимдерден қорғауға мүмкіндік береді.

Дизайн Қоғамдастығының Ережелері бүкіл ЕО аумағында тіркелген дизайндер және Испания, Аликанте қаласында Ішкі Нарықтағы Үйлестіру жөніндегі Ведомствода құрылған Дизайн Қоғамдастығының Бюросы орнатты. 2016 жылдың 26 наурызында бұл ведомство Еуропа Одағының интеллектуалдық меншік жөніндегі Ведомствосы деп атын өзгертті.

Ұлыбританиядағы Реформалар: 2014 зияткерлік меншік туралы Заң.

Дизайнерлерден, адвокаттардан және ғалымдардан көптеген жылдар бойы түскен шағымдардан кейін, Ұлыбритания үкіметі жақында дизайн құқығы тақырыбына өз назарын аударды. Өсуге деген және инновацияға белгілі бір көзқараспен әсер ететін, цифрлық технологияның Зияткерлік меншік құқығы мен саясатқа әсеріне шолу жасалған, 2011 жылғы Hargreaves Review журналының интеллектуалдық меншік туралы мақаласы реформаларға себеп болды.

Hargreaves Review журналының басты ұсынысы: Ұлыбританияның Зияткерлік меншік ведомствосына дизайн құқықтар мен саясатын одан әрі қарау құзыреттілігін беру. Көптеген қайта қараулардан кейін, 2014 жылы Зияткерлік меншік туралы заң қабылданды.



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Дизайндарды құқықтық реттеу

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

Пікірталас жоспары

Ақпараттарды қорытындылай келе, біз дизайнды қорғаудың 5 түрлі тәсілі бар екенін еске саламыз:

- ұлыбританияның дизайнына тіркелген құқық
- ұлыбританияның дизайнына тіркелмеген құқық
- қауымдастық дизайнына тіркелген құқық
- қауымдастық дизайнына тіркелмеген құқық
- өнер туындылары үшін дизайн суретіне (мысалы, мүсіндер), екі өлшемді дизайндерге, сыртқы декорацияларға авторлық құқықты қорғау